



19-сурет. Баяу кокстеу қондырғысында коксті тасымалдау сұлбасы:
P-1 — P-4—реакциялық камералар; *Д-1* — коректендіргіш-майдалағыш; *СК-1 — СК-8* — қыргыш конвейерлер; *С-1 — С-6* — кокс қоймасының сүрлегіш бағаналары; *П-1 — П-5* — коректендіргіштер; *Ф-1* — сүзгі-тұндырғы; *В* — темір жол вагоны

Кокс түсірілген кокстік камераны престейді және өткір су буымен қыздырады. Камераға берілген бу ондағы болған ауаны ығыстырып шығарады. Одан кейін бірқатар уақыт бойы камера арқылы жұмыс істейтін камерадан кокстеу өнімдерінің ыстық буларын өткізеді. Дайындалған камера арқылы өте отырып, бұл булар *K-1* ректификациялық мұнарасына түседі. Дайындалған камера 360°C дейін қызған кезде, жұмыс істейтін камерада кокстің түзілуі аяқталады. Бұл кезде камераларды ауыстырып қосады.

2.7. Тотыққан битумдар өндірісі

Битумдар – ауыр майлар мен шайырлардағы асфальтендердің жоғары концентрлі ерітінділері. Битумдердің қасиеттері компоненттерінің (майлар : шайырлар : асфальтендер) арақатынасымен және олардың физика-химиялық қасиеттерімен анықталынады. Шайырлар мен асфальтендердің жоғары мөлшері болатын ауыр мұнай қалдықтары битумдер өндірісінің шикізаты.

Тотыққан битумдар өндірісінің мақсаты - мұнай қалдықтарындағы асфальтендердің мөлшерін, битумның қасиеттерін